

Шәкірт ойы

Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып, күн болам!
Қараңғылықтың көгіне,
Күн болмағанда, кім болам?

Мұздаған елдің жүрегін,
Жылытуға мен кірермін!
Еңбек, бейнет тарауы
Рақатқа сарқылар.

Қыздырып күннің қарауы
Надандық теңізі тартылар.
Орны отайып көгерер,
Қызығын жайлап ел көрер.

Тұрмыс, тағдыр - бірі де
Бұл мақсаттан бұра алмас;
Қаһарман, Рүстем, Әлі де
Бұрам деп жолда тұра алмас.
Сыланған жардың күлісі,
Алдандырмас бір ісі.

*Құнанбай көшесі -123А,
Әдістемелік-библиографиялық бөлім*

gucbs@mail.ru

Сұлтанмахмұт Торайғыров туралы бес
дерек:

Сұлтанмахмұт бала кезінде молданың үйінде жатып оқиды. Молда баланы малай есебінде жұмсап, ұрып-соғады. Бала ақын сол кездің өзінде молданың надандығын сынап сықақ өлеңдер жазған.

Кейін "Айқап" журналының жауапты хатшысы болды. Ол жерде де сыни мақалалары басқалардың қаһарына ұшырап, жұмысынан айырылып тынады.

"Абай жолы" роман эпопеясында аты аталатын Шоң, Торайғыр деген батыр, би кісілер Сұлтанмахмұттың атасы болған. Ақын осы атасының атына "Шоң серіктігі" ұйымын құруды мақсат тұтады.

Бұл ұйымның мақсаты тұрмысы нашар, кедей оқушыларға көмектесу, оқуына қаражат беру, ел ішіне газет-журналдар алдырып, кітапханалар ашу, оған хат білетін адамдарды тарту, ақын-жазушылардың шығармаларын бастыру екенін көрсетіп мақала жазады. Қаражат тапшылығына байланысты бұл мақсатына жете алмайды.

Өкпе ауруына шалдыққан Торайғыров қыс бойы қымыз ішіп емделсе де, ауруды жеңе алмайды. Небары жиырма жеті жасында артына өшпес із қалдырып, мәңгілік мекеніне аттанып кетеді.

Ерейментау ауданы ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің жанындағы КММ «Орда-Мекен» қызылорда облыстық әдебиеті мен өнерінің үйі»



«Сөз сұлтаны -
Сұлтанмахмұтқа»
130 жыл

Өмірбаяны

Арғын тайпасының Сүйіндік руының Айдабол бөлімінен шыққан. Торайғыровтың 2 жасында шешесі қайтыс болып, 6 жасына дейін әжесінің тәрбиесінде болған. Кейін әкесі екі ұлымен Баянауылға көшіп, Торайғыр кентіне таяу жерге қоныстанған. Торайғыров алғаш әкесінен ескіше хат танып, 13 жасынан Мұқан, Әбдірахман, Тортай деген молдалардан дәріс алды. Өлеңге үйір, шығыстық сюжеттер негізінде жырлар туындатқан Мұқан молда тәлімінің Торайғыровтың ақын ретінде қалыптасуына игі әсері болғанымен, баянауылдық Әбдірахман молданың (1908) каталдығы, өлең шығарғаны үшін жас қаламгерді жазалауы оның дін мен молдалар жайлы теріс көзқарасының қалыптасуына негіз болған.

1911 ж. жаңаша оқыған Нұралы ұстазының көмегімен қазақ, татар тілдеріндегі әдеби кітаптармен

Арғын тайпасының Сүйіндік руының Айдабол бөлімінен шыққан.

Торайғыровтың 2 жасында шешесі қайтыс болып, 6 жасына дейін әжесінің тәрбиесінде болған. Кейін әкесі екі ұлымен Баянауылға көшіп, Торайғыр кентіне таяу жерге қоныстанған.

Торайғыров алғаш әкесінен ескіше хат танып, 13 жасынан Мұқан, Әбдірахман, Тортай деген молдалардан дәріс алды.

Өлеңге үйір, шығыстық сюжеттер негізінде жырлар туындатқан Мұқан молда тәлімінің Торайғыровтың ақын

ретінде қалыптасуына игі әсері болғанымен, баянауылдық Әбдірахман молданың (1908) каталдығы, өлең шығарғаны үшін жас қаламгерді жазалауы оның дін мен молдалар жайлы теріс көзқарасының қалыптасуына негіз болған.

1911 ж. жаңаша оқыған Нұралы ұстазының көмегімен қазақ, татар тілдеріндегі әдеби кітаптармен

Арғын тайпасының Сүйіндік руының Айдабол бөлімінен шыққан.

Торайғыровтың 2 жасында шешесі қайтыс болып, 6 жасына дейін әжесінің тәрбиесінде болған. Кейін әкесі екі ұлымен Баянауылға көшіп,

Торайғыр кентіне таяу жерге қоныстанған. Торайғыров алғаш әкесінен ескіше хат танып, 13 жасынан Мұқан, Әбдірахман, Тортай деген молдалардан дәріс алды.

Өлеңге үйір, шығыстық сюжеттер негізінде жырлар туындатқан Мұқан молда тәлімінің Торайғыровтың ақын ретінде қалыптасуына игі әсері болғанымен, баянауылдық Әбдірахман молданың (1908) каталдығы, өлең шығарғаны үшін жас қаламгерді жазалауы оның дін мен молдалар жайлы теріс көзқарасының қалыптасуына негіз болған.

1911 ж. жаңаша оқыған Нұралы ұстазының көмегімен қазақ, татар тілдеріндегі әдеби кітаптармен, газет-журналдармен танысады. 1912 ж. Троицкідегі Ахун Рахманкули



С.Торайғыров (сол жақта) және Пазыл Әбуталыпұлы "Айқап" журналының редакциясында жұмыс істеген жылдары. Троицк қаласы. 1913 жыл.